



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі

ГАЗТАЛДАҒЫШТАР

Салыстырып тексеру әдістемесі

ГАЗОАНАЛИЗАТОРЫ

Методика поверки

ҚР СТ 2.349-2015

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Наименование: **Intelligent Protective System**

БИН: **170940007092**

Выдан документ РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии» Дата выдачи: 16.02.2021 № счета на оплату: 4223



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі

ГАЗТАЛДАҒЫШТАР
Салыстырып тексеру әдістемесі

ҚР СТ 2.349-2015

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

АЛҒЫСӨЗ

1 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан метрология институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2015 жылдың 30 қарашадағы №253-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт:

PMG 43-2001 «МӨЖ. Өлшеу белгісіздігін сипаттау бойынша ИСО нұсқаулығын қолдану»;

OIML D 20:1988 «Initial and subsequent verification of measuring instruments and processes» (МД МОЗМ 20-1988 «Өлшеу үдерісі мен өлшеу құралдарын бастапқы және кезеңдік салыстырып тексеру»);

ISO/IEC Guide 98-3:2008 «Uncertainty of measurement – Part 3: Guide to the expression of uncertainty in measurement (GUM:1995)» (ISO/IEC Guide 98-3:2008 «Өлшеу белгісіздігі. 3 - бөлім. Өлшеу белгісіздігін көрсету бойынша нұсқаулық (GUM:1995)») талаптарын есепке ала отырып әзірленген.

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II Қазақстан Республикасы Заңының, «Қазақстан Республикасының тілдері туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Қазақстан Республикасы Заңының, «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы № 53-II Қазақстан Республикасы Заңының талаптары іске асырылған.

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2022 ЖЫЛ
5 ЖЫЛ**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесіне, ал өзгерістер мәтіні - «Ұлттық стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемелеріне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда, тиісті ақпарат «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар	2
4	Салыстырып тексеру операциялары	2
5	Салыстырып тексеру құралдары	3
6	Салыстырып тексерушілердің біліктілігіне қойылатын талаптар	4
7	Қауіпсіздік талаптары	4
8	Салыстырып тексеру шарттары	4
9	Салыстырып тексеруге дайындық	5
10	Салыстырып тексеру жүргізу	5
10.1	Сыртқы тексеру	5
10.2	Сынақтан өткізу	6
10.3	Метрологиялық сипаттамаларын анықтау	7
11	Өлшеу нәтижелерін сынақтан өткізу	11
12	Газ талдауыштарды тексерудің кеңейтілген белгісіздігін бағалау	13
13	Тексеру нәтижелерін рәсімдеу	13
А қосымшасы	(ақпараттық) Салыстырып тексеру жүргізу кезінде газ талдауыштың кірісіне ССТГҚ беру	14
Б қосымшасы	(ақпараттық) Газ талдауышты салыстырып тексерудің (калибрлеудің) кеңейтілген белгісіздігін бағалау алгоритмі	15
В қосымшасы	(ақпараттық) Газ талдауышты салыстырып тексеру кеңейтілген белгісіздігін бағалау үлгілері	31
Г қосымшасы	(ақпараттық) Газ талдауышты салыстырып тексеру хаттамасының нысаны Библиография	38 41

ҚР СТ 2.349-2015

IV

Наименование: **Intelligent Protective System** БИН: **170940007092**
Выдан документ РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии» Дата выдачи: 16.02.2021 № счета на оплату: 4223

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз етудің жүйесі

ГАЗТАЛДАҒЫШТАР**Салыстырып тексеру әдістемесі**

Енгізілген күн 2017-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт атмосфералық ауада, жұмыс аймағындағы ауада, өнеркәсіптік шығарындыларда, технологиялық үдерістерде, газды қоспаның бір немесе бірнеше компоненттерін өлшеуге, сонымен қатар автокөлік техникаларын шығарылудағы зиянды заттар құрамын бақылауға арналған газ талдауыштарға таратылады және олардың алғашқы мен мерзімді салыстырып тексеру әдістемесін белгілейді.

Осы стандарт ҚР СТ 2.118, ҚР СТ МЭК 61207-1, ГОСТ 8.578, ГОСТ 13320, ГОСТ ИЕС 60079-29-1, ГОСТ 17.2.6.02 талаптарына сәйкес шығарылатын газ талдауыштарға да таратылады.

Салыстырып тексеру аралық интервалы газ талдауыштың типін бекіту кезінде белгіленеді және [1]-де және Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесі тізілімінде көрсетіледі.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 2.1-2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Терминдер мен анықтамалар

ҚР СТ 2.4-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарын тексеру. Ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі

ҚР СТ 2.118–2006 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Молярлық үлес және газдық ортада компоненттердің массалық шоғырлану бірліктерін өлшеу құралдары үшін мемлекеттік эталон мен мемлекеттік салыстырып тексеру сызбасы.

ҚР СТ 2.180-2010 Газды қоспа құрамының стандартты үлгілері. Өңдеулер және аттестациялар тәртібі.

ҚР СТ 2348-2013 Салыстырып тексеруші нөлдік азот газ. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 2352-2013 Салыстырып тексеру газ қоспалары. Техникалық шарттар.

ҚР СТ МЭК 61207-1-2010 Газ талдауыштар. Пайдалану сипаттамаларын білдіру. Бөлім 1: Жалпы ережелер.

ГОСТ 8.315-97 Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Заттар мен материалдар қасиеттері мен құрамының стандартты үлгілері. Жалпы ережелер.

ГОСТ 8.578-2008 Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Газдық ортада компоненттердің құрамын өлшеу құралдары үшін мемлекеттік тексеру сызбасы.

ГОСТ 17.2.6.02-85 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Атмосфераның ластануын бақылауға арналған автоматты газ талдауыштар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 5072-79 Механикалық секундөлшеуіштер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12997-84 ҚМЖ бұйымдары. Жалпы техникалық шарттар.

Ресми басылым

ҚР СТ 2.349-2015

ГОСТ 13045-81 Ротаметрлер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 13320-81 Өнеркәсіптік автоматты газ талдауыштар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 13861-89 Газ жалынымен өңдеуге арналған редукторлар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 17433-80 Өнеркәсіптік тазалық. Тығыздалған ауа. Ластанушылық кластары.

ГОСТ 22261-94 Электрлік және магниттік шамаларды өлшеу құралдары. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 24484-80 Өнеркәсіптік тазалық. Тығыздалған ауа. Ластанушылықты өлшеу әдістері.

ГОСТ ИЕС 60079-29-1-2013 Жарылуға қауіпті орталар. Бөлім 29-1. Газ талдауыштар. Жанар газдың газ талдауыштарының эксплуатациялық сипаттамаларына қойылатын талаптар.

Ескертпе -Осы стандартты пайдаланған кезде сілтеме стандарттар ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

3.1 Осы стандартта [2], ҚР СТ 2.1, ҚР СТ 2.118, ҚР СТ МЭК 61207-1, ГОСТ 8.578, ГОСТ 13320, ГОСТ ИЕС 60079-29-1 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

3.2 Осы стандартта келесідей қысқартулар қолданылады:

- СТГҚ – салыстырып тексеруші газды қоспасы құрамының мемлекеттік стандартты үлгісі,
- ӨОӘ – өлшеуді орындау әдістемесі,
- ТҚ – өндірушінің техникалық құжаттамалары,
- ТШ – техникалық шарттар,
- ПҚ – пайдалану құжаттамасы.

4 Салыстырып тексеру операциялары

4.1 Салыстырып тексеру жүргізу кезінде 1-кестеде көрсетілген операцияларды орындайды.

Кесте 1 – Салыстырып тексеру операциялары

Операция атауы	Стандарт-тың тармақ нөмірі	Операцияны жүргізу		
		бастапқы салыстырып тексеру кезінде		кезеңдік салыстырып тексеру кезінде
		өндірістен шығару кезінде	жөндеуден кейін	
1 Сыртқы тексеру	10.1	Иә	Иә	Иә
2 Сынама алу	10.2	Иә	Иә	Иә
2.1 Жалпы жұмыс істеуін тексеру	10.2.2	Иә	Иә	Иә
2.2 Жұмысқа қабілеттілігін	10.2.3	Иә	Иә	Иә

1-кестенің жалғасы

Операция атауы	Стандарттың тармақ нөмірі	Операцияны өткізу		
		бастапқы салыстырып тексеру кезінде		Кезеңдік салыстырып тексеру кезінде
		өндірістен шығару кезінде	жөндеуден кейін	
тексеру				
2.3 Оқшаулағыштың электрлік тізбегінің беріктігін тексеру	10.2.4	Иә	Иә	Иә
2.4 Электрлік тізбектің оқшаулау кедергісін тексеру	10.2.5	Иә	Иә	Иә
2.5 Газды каналдың герметикалығын тексеру	10.2.6	Иә	Иә	Иә
3 Метрологиялық сипаттамаларын анықтау	10.3	Иә	Иә	Иә
3.1 Сигнал берудің іске қосылу шегін (терін) тексеру	10.3.1	Иә	Иә	Иә
3.2 Негізгі қателіктерді анықтау (негізгі қателіктің рұқсат етілетін жүйелік құрамдас бөлігі)	10.3.2	Иә	Иә	Иә
3.3 Көрсеткіштердің вариациясын анықтау(шығу белгісі)	10.3.3	Иә	Иә	Иә
3.4 Анықталушы компоненттің шоғырланудың секірмелі өзгерісі кезінде өлшенетін шамадан 90 % деңгейінде (шығу белгісі) көрсеткішті орнату уақытын тексеру, T ₉₀	10.3.4	Иә	Иә	Иә

5 Салыстырып тексеру құралдары

5.1 Салыстырып тексеру жүргізу кезінде қолданатын өлшеу құралдары мен көмекші жабдықтар тізімі 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Өлшеу құралдары мен қосалқы жабдықтар тізімі

Стандарттың тармақ нөмірі	Негізгі немесе қосалқы салыстырып тексеру құралдарының атауы мен типі; салыстырып тексеру құралдарының техникалық талаптарын және/немесе метрологиялық және негізі техникалық сипаттамаларын реттеуші нормативтік құжаттардың белгілеулері мен атаулары
8; 10	Барометр-анероид, өлшеу ауқымы 84 –тен 106 кПа-ға дейін, абсолюттік қателігі ± 0,2 кПа, ГОСТ 6359 бойынша
	Психрометрикалық гигрометр, 15 °С-ден 40 °С-қа дейін 20 % - 90 % температура кезінде ауаның салыстырмалы ылғалдылығы ауқымымен
10.2	Механикалық секунд өлшеуіш, уақыт өлшеу ауқымы 60 мин-ға дейін, қателігі (± 1,8) аспайтын, ГОСТ 5072 бойынша
10.2.4	Әмбебап ойық-сынақ қондырғысы 10 кВ

Стандарт-тың тармақ нөмірі	Негізгі немесе қосалқы салыстырып тексеру құралдарының атауы мен түрі, салыстырып тексеру құралдарының техникалық талаптарын және/немесе метрологиялық және негізі техникалық мінездемелерін реттеуші нормативтік құжаттардың белгілеулері мен атаулары
10.2.5	Мегаомметр ГОСТ 22261 бойынша, өлшеу ауқымы 0-ден 100 МОм-ға дейін, дәлдік тобы 1,0
10.2.6	Эталонды (үлгілі) манометр ГОСТ 6521 бойынша өлшеу ауқымы 0-ден 98 кПа-ға дейін, дәлдік тобы 0,25
	Поливинилхлоридті түтіктер
10.3	Шыны немесе поливинилхлоридтен жасалған үшайыр
	ҚР СТ 2352 бойынша шығарылған және ҚР СТ 2.180 және ГОСТ 8.315 сәйкес бекітілген қысыммен баллондардағы салыстырып тексеруші газ қоспалары (ССТГК) құрамының мемлекеттік стандартты үлгілері
	ҚР СТ 2348 бойынша ІМГ-азот
	ГОСТ 24484 бойынша ауа
	ГОСТ 13861 бойынша бір сатылы баллондық бәсендеткіш
	Механикалық секунд өлшеуіш, уақыт өлшеу ауқымы 60 мин-ға дейін, қателігі ($\pm 1,8$) аспайтын, ГОСТ 5072 бойынша
	Миллиамперметр дәлдік тобы 0,2-ден кем емес
	Реттеуіш вентиль, 2,455 МПа кем емес қысымға төзетін
	ГОСТ 13045 бойынша жалпыөнеркәсіптік ротаметр
	Газды қоспаларының генераторы ГҚГ-03-03
Поливинилхлоридті түтіктер	

5.2 Осы стандарттың 2-кестедегі талаптар дәлдігі бойынша қанағаттандырса, онда басқа салыстырып тексеру құралдарын қолдану рұқсат етіледі.

5.3 Барлық салыстырып тексеру құралдары сынақтан өткен (аттестатталған) болуы тиіс және салыстырып тексеруден (аттестациядан) өткені туралы қолданыстағы сертификаты (куәлігі) және/немесе салыстырып тексеру белгілері бар баспа-таңбалары болуы тиіс.

6 Салыстырып тексерушілердің біліктілігіне қойылатын талаптар

ҚР СТ 2.118, ҚР СТ МЭК 61207-1, ГОСТ 8.578, ГОСТ 13320, ГОСТ 17.2.6.02, ГОСТ ИЕС 60079-29-1 және газ талдауыштың ЭҚ талаптарымен танысқан, [3] сәйкес салыстырып тексеруші біліктілігі бар және салыстырып тексеру жүргізу мен белгіленген тәртіппен газ талдауышта жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаудан өткен тұлғаларға салыстырып тексеру жүргізуге рұқсат етіледі.

7 Қауіпсіздік талаптары

7.1 Салыстырып тексеру жүргізу кезінде [4] және [5] келтірілген талаптар сақталуы тиіс.

7.2 Салыстырып тексеру жүргізілетін орында ағымдық-тартпа желдеткішпен жабдықталуы тиіс.

7.3 Салыстырып тексеру жүргізетін тұлғалар ПҚ-да көрсетілген жұмыс қауіпсіздігі ережелерімен танысуы тиіс.

7.4 Салыстырып тексеру жүргізу кезінде ГОСТ 22261 қарастырылған қауіпсіздік талаптары және қолданылатын салыстырып тексеру құралдары мен көмекші құрылғыларының ПҚ-да жазылған қауіпсіздік талаптары сақталуы тиіс.

8 Салыстырып тексеру шарттары

Салыстырып тексеру жүргізу кезінде келесідей шарттар орындалуы тиіс:

- қоршаған ауа температурасы $(20 \pm 5) ^\circ\text{C}$;
- қоршаған ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 30 % -дан 80 %-ға дейін;
- атмосфералық қысым 84,0-ден 106,7 кПа-ға дейін;
- газ және газды қоспалар шығыны газ талдауыштың нақты типіне қойылатын

ТШ, ТҚ талаптары және (немесе) стандарттар талаптарына сәйкес бекітілуі тиіс;

- газ талдауышқа әсер ететін тікелей күн сәулесі, механикалық әсерлер, тозаңның болуы, сыртқы электрлік және магниттік сәулелер жойылу тиіс;
- коррозияға әкелетін агрессивті қоспалар мен тербелістер болмауы тиіс.

9 Салыстырып тексеруге дайындық

9.1 Салыстырып тексеру жүргізуден бұрын газ талдауыш оның ТҚ-на сәйкес дайын болуы тиіс.

9.2 Өлшеу құралдары мен көмекші құрылғылар олардың ТҚ-на сәйкес дайын болуы тиіс.

9.3 Салыстырып тексеру жүргізуден бұрын газ талдауыш екі сағаттан кем емес белгіленген жағдайларда шыдауы тиіс.

9.4 Балондағы газды қоспалар тексеру жүргізілетін бөлмелерде 24 сағаттан кем емес тұруы тиіс.

9.5 Қысыммен тұрған балондағы газды қоспалардың жарамдылығы оларға жасалған төлқұжатпен расталуы тиіс.

10 Салыстырып тексеру жүргізу

10.1 Сыртқы тексеру

10.1.1 Сыртқы тексеру кезінде келесідей талаптармен сәйкестігі бекітіледі:

- газ талдауыштың жұмысқа қабеілеттілігіне әсер ететін сыртқы механикалық зақымданудың (сызаттар, жаншылғандар, жарықтар және т.б.) және ластанудың (коррозиялар және т.б.) болмауы;

- басқару, орнатудың, түзету және байланыс органдарының дұрыстығы;

- барлық жазбалар мен газ талдауыш панеліндегі және корпусындағы белгілердің анықтығы;

- газ талдауыштың маркалау үйлесімділігі;

- комплектілік үйлесімділігі;

- жерге тұйықталу дұрыстығы, жерге тұйықталған қысқыштар жерге тұйықталуы тиіс, оларда тот болмауы тиіс;

- тіреуіштердің барлық түрлері болуы тиіс;

- пломбаның дұрыстығы мен бар болуы.

Ескертпе – Жерге тұйықталу дұрыстығы, тіреуіштердің және пломбалардың барлық түрлерінің болуы, газ талдауыштың құрылымымен ескерілген жағдайда орнатылады.

ҚР СТ 2.349-2015

10.1.2 ТҚ-ға және (немесе) стандарттар талаптары, газ талдауыштың нақты типтеріне ТШ-ға сәйкес маркалауды тексеру жүргізеді. Маркалау жазбалар мен суреттер нақты болуы тиіс.

10.1.3 Жиынтықтылықты тексеру ТҚ-на және (немесе) стандарттар талаптарына, газ талдауыштың нақты типтеріне ТШ-ға сәйкес жүргізіледі. Құрамдас құрылғылар, бөлшектер мен материалдары бар қойылған жиынтықтылыққа сәйкес орнатылуы тиіс.

10.1.4 Егер газ талдауыш аталған талаптарға сәйкес келсе, онда сыртқы тексеру нәтижелері оң болып саналады.

10.2 Сынақтан өткізу

10.2.1 Сынақтан өткізген кезде мыналарға:

- газ талдауыштың жалпы қызметіне;
- газ талдауыштың жұмысқа қабілеттілігіне;
- оқшаулаудың электрлік тізбегінің беріктігіне;
- электрлік тізбектің оқшаулау кедергісіне;
- герметикалығына тексеру жүргізіледі.

Ескертпе – Газ талдауыш құрылымының тетіктеріне қойылатын талаптарға байланысты сынақ көрінеу таза қоршаған ортада өтуі тиіс. .

10.2.2 Жалпы жұмыс істеуін тексеру

Газ талдауыштың жұмыс істеуін тексеру ПҚ сәйкес жүргізіледі. Бірінші жіберу/іске қосу кезінде газ талдауыштың жүктеу/автотестілеудің барлық операциялары орындалуы тиіс.

Газ талдауыштың жүктеу/автотестілеу уақыты ТҚ және (немесе) стандарттар талаптарында, газ талдауыштың нақты типтеріне ТШ келтірілген уақыттан аспауы тиіс.

Ескертпе – Егер бұл құрылғы құрылымында ескерілген жағдайда.

Егер газ талдауыш жұмыс режимінде жұмыс істесе және қоршаған ортаның компоненттерінің шоғырлану мәнін есепке ала отырып көрсеткішті нөлге бөлу/қорытындысы жасалса, онда жалпы жұмыс істеуін тексеру нәтижелері оң болып саналады.

Ескертпе – Егер газ талдауыш ЭҚ-да нөлдік түзету қарастырылған жағдайда, бұл процедураны жүргізу.

10.2.3 Жұмысқа қабілеттілігін тексеру

Газ талдауыштың жұмысқа қабілеттілігін тексеру газ талдауыштың ПҚ сәйкес жүргізіледі.

Егер газ талдауыштың жылыту уақыты біткен соң газ талдауыш қателері және жарамсыздығы туралы хабарлама болмаса және көрсеткіш мәні өзгермесе, онда газ талдауыштың жұмысқа қабілеттілігін тексеру нәтижелері оң деп саналады.

Газ талдауыштың жылыту уақыты ТҚ-да және (немесе) стандарттар талаптарында, газ талдауыштың нақты типтерінің ТШ-да көрсетілген уақыттан аспауы тиіс.

10.2.4 Оқшаулаудың электрлік тізбегінің беріктігін тексеру

Оқшаулаудың электрлік тізбегінің беріктігін тексеру ТҚ-да және (немесе) стандарттарда, газ талдауыштың нақты типтерінің ТШ-да орнатылған шарттар үшін ГОСТ 12997 бойынша жүргізіледі.

Оқшаулаудың электрлік тізбегінің беріктігін тексеруді ойылған құрылғыда УПУ-10М жүргізеді. Тексеру кезінде электрлік қуат өшірілуі тиіс, желілік қосқыш қосылған. Сынақ тізбектерін сынақ кернеуін ықпалымен бір минут ішінде ұстайды.

Сынақ қысымын нөлден тапсырылған мәнге дейін вольтметр көрсеткішін санау мүмкіндігі рұқсат етілетін, бірақ 100 В/с кем емес жылдамдықпен бір сарынды өзгерту.

Егер сынақ жүргізу кезінде сынақ тізбегінде тоқтың қатты көбеюіне алып келетін тоқтан айырылу немесе қайталанатын беткі ойықтар пайда болмаса, онда газ талдауыш тексеруден өтті деп есептеледі.

10.2.5 Электрлік тізбектердің оқшаулау кедергісін тексеру

Оқшаулаудың электрлік тізбектерінің беріктігін тексеру ТҚ-да және (немесе) стандарттарда, газ талдауыштың нақты типтерінің ТШ-да орнатылған шарттар үшін ГОСТ 12997 бойынша жүргізіледі.

Тексеруді мегаомметрмен жүргізеді, тұрақты тоқтың сынақ кернеуін ұстайды 500 В:

– гальваникалық байланыспаған бұйымның тізбектері арасында (шынжырлы қуаттар, өлшеулер, сигналдар және т.б.);

– металды тоқ жүргізілмейтін бөліктермен (корпуспен, қорғаныш экранмен) жанасу үшін жетімді және әр көрсетілген тізбектер арасында.

Сынақ кернеуін ұстағаннан кейін оқшаулау кедергісінің мөлшерін мегаомметр шәкілі бойынша белгілейді.

Егер оқшаулау кедергісінің мөлшері ТҚ-да және (немесе) стандарттар талаптарында, газ талдауыштың нақты типтерінің ТШ-да көрсетілген кедергілерден кем емес болса, онда газ талдауыш тексеруден өтті деп есептеледі.

10.2.6 Газды түтіктің герметикалығын тексеру

Ескертпе – Егер газ талдауыш талдаулы газды қоспада батырылған жағдайда, тексерілмейді.

Газды түтіктің герметикалығын тексеру, газды түтіктің талданып отырған газды қоспалардың 1,5 еседен кем емес максималды артық қысымнан асатын қысымды жасау арқылы өшірілген электрлік қуаты кезінде жүргізіледі. Артық қысымды жасаудан кейін манометрдің бастапқы және өткеннен кейінгі белгіленген уақыт көрсеткішін белгілейді.

Қысыммен тұрған газды түтіктің артық қысымы мен қысымның ұйғарынды төмендеуі ТҚ-да және (немесе) стандарттар талаптарында, газ талдауыштың нақты типтерінің ТШ-да белгіленгеннен аспауы тиіс.

10.3 Метрологиялық сипаттамаларды анықтау

10.3.1 Дабылдаманың іске қосу шегін (тері) тексеру

Ескертпе – Егер газ талдауыштың құрылысында дабылдама болмаған жағдайда, тексеру жүргізілмейді.

10.3.1.1 Дабылдаманың іске қосу шегін тексеру дабылдаманың іске қосу шегі (тері) үшін белгіленген тең концентрациясымен және (немесе) көбірек

ҚР СТ 2.349-2015

концентрацияланған СТГҚ қолдану арқылы жүргізіледі.

Төрт жағдай болуы мүмкін:

- бір реттелетін дабылдаманың іске қосу шегі («Шек_{н+}»);
- бір реттелмейтін дабылдаманың іске қосу шегі («Шек_{н-}»);
- екі реттелетін дабылдаманың іске қосу шегі («Шек1_{н+}» және «Шек2_{н+}»);
- екі реттелмейтін дабылдаманың іске қосу шегі («Шек1_{н-}» және «Шек2_{н-}»).

Ескертпе – Шек белгісі шартты болып табылады..

10.3.1.2 Бір реттелген дабылдаманың іске қосу шегін тексерген жағдайда СТГҚ-ның есігіне жылжытады және газ талдауыш көрсеткішін бекітеді.

Шекті орнату мәзіріне кіріп, тексеретін шектің мәнін негізгі қателіктің ұйғарынды шегінде газ талдауыштың бекітілген көрсеткішінен төмен орнатады.

Өлшеу режиміне өту. Дабылдама «Шек_{н+}» іске қосылуы тиіс.

Қайта шекті орнату мәзіріне кіреді және тексеретін шектің мәнін негізгі қателіктің ұйғарынды шегінде газ талдауыштың бекітілген көрсеткішінен жоғары орнатады.

Өлшеу режиміне өту. Дабылдама «Шек_{н+}» іске қосылмауы тиіс.

«Шек_{н+}» мәнін қалпына келтіру.

Егер дабылдама іске қосылып/іске қосылмай тұрса, онда газ талдауыш тексеруден өтті деп саналады.

10.3.1.3 Бір реттелмеген дабылдаманың іске қосу шегін тексерген жағдайда СТГҚ-ның есігіне жылжытады және газ талдауыш көрсеткішін бекітеді, онда «Шек_{н-}» дабылдмасы іске қосылады.

Егер дабылдама іске қосылса және орнатылған мен бекітілген көрсеткіштер арасындағы қателік негізгі қателіктің ұйғарынды шектерінен аспаса, онда газ талдауыш тексеруден өтті деп есептеледі.

10.3.1.4 Екі реттелген іске қосу шегі жағдайында әр шекке бөлек тексеру жүргізіледі.

Газ талдауыш есігіне СТГҚ жылжытады және газ талдауыш көрсеткішін бекітеді.

Шекті орнату мәзіріне кіру, тексеретін шектің мәнін негізгі қателіктің ұйғарынды шегінде газ талдауыштың бекітілген көрсеткішінен төмен орнатады.

Өлшеу режиміне өту. Дабылдама «Шек 1_{н+}» іске қосылуы тиіс.

Қайта шекті орнату мәзіріне кіреді және тексеретін шектің мәнін негізгі қателіктің ұйғарынды шегінде газ талдауыштың бекітілген көрсеткішінен жоғары орнатады.

Өлшеу режиміне өту. Дабылдама «Шек1_{н+}» іске қосылмауы тиіс.

«Шек2_{н+}» шегін тексеру «Шек1_{н+}» дабылдмасының іске қосылу шегін тексеруге ұқсас жүргізіледі.

Ескертпе – Шектер мәнін енгізу кезінде шартты сақтау – «Шек2_{н+}» мәні «Шек1_{н+}» мәнінен артық.

«Шек1_{н+}» және «Шек2_{н+}» мәндерін қалпына келтіру.

Егер дабылдама іске қосылып/ іске қосылмай тұрса, онда газ талдауыш тексеруден өтті деп саналады.

10.3.1.5 Екі реттелмеген дабылдаманың іске қосу шегін тексерген жағдайда СТГҚ-ның есігіне жылжытады және газ талдауыш көрсеткішін бекітеді, онда «Шек1_{н-}» және «Шек2_{н-}» дабылдмалары іске қосылады.

Егер дабылдама іске қосылса және орнатылған мен бекітілген шектер көрсеткіштері «Шек1_{н-}» және «Шек2_{н-}» арасындағы қателік ұйғарынды негізгі қателіктің шектерінен аспаса, онда газ талдауыш тексеруден өтті деп есептеледі.

Ескертпелер

1 10.3.1.4 және 10.3.1.5 рәсімдер дабылдаманың іске қосылуының екі шектерімен газ талдауыштарға таратылады, олар «Дабыл деңгейі» және «Апат деңгейі» ретінде қарастырылады.

Мысал

1 Ауадағы метан құрамын анықтайтын өлшеу диапазонымен 0 % -дан 100 %-ға дейінгі НКПР газ талдауышта, «Дабыл деңгейі»- 50 % НКПР және «Апат деңгейі» - 75 % НКПР анықтайтын дабылдаманы іске қосудың екі шегі болады.

2 Берілген диапазонда анықталатын компоненттің құрамын бақылау үшін газ талдауышты қолданған жағдайда, онда дабылдаманы іске қосудың екі шегі «Концентрацияның төменгі шегі» және «Концентрацияның жоғарғы шегі» ретінде қарастырылады.

Бұл жағдайда 10.3.1.4 және 10.3.1.5 дабылдаманың іске қосу шегін тексеру рәсімдері қолданылуы мүмкін, онда дабылдама «Шек1_{п+}» тексерілетін шектің мәнін ұйғарынды негізгі қателіктер шегінде газ талдауыштың бекітілген көрсеткішінен жоғары белгілеген кезде іске қосылуы тиіс және тексерілетін шектің мәнін ұйғарынды негізгі қателіктер шегіндегі газ талдауыштың көрсеткішінен төмен белгілеген кезде іске қосылмауы қажет.

Мысал

Газ талдауыш, оттегіні өлшеу диапазонымен 0 % - 20 % жану үшін ауадағы оттегінің құрамын анықтайтын, оттегі концентрациясының төмендеуі кезіндегі 5 % кем және оттегі концентрациясының жоғарылауы кезінде 15 % артық дабыл деңгейімен анықталады.

10.3.2 Негізгі қателіктерді анықтау (негізгі қателіктің рұқсат етілетін жүйелі құрамдас бөлігі)

Негізгі қателіктерді анықтау (негізгі қателіктерді ұйғарынды жүйелі жасаушы) газ талдауыш көрсеткіштері бойынша және (немесе) шығу белгісі мен атаулы статистикалық сипаттамалар бойынша жүргізіледі.

10.3.3 Газ талдауыш көрсеткіштері бойынша негізгі қателіктерді анықтау (негізгі қателіктің рұқсат етілетін жүйелі құрамдас бөлігі)

Негізгі қателіктерді анықтау әр өлшеуіш каналдары үшін газ талдауыш арқылы СТГҚ сызба бойынша, А.1 суретіне, А қосымшасына сәйкес, өткізу жолымен жүргізіледі. Анықталатын компоненттің атаулы құрамы мен рұқсат етілетін ауытқу шектері 3-ші кестеге сәйкес болуы тиіс.

Егер өлшеу диапазонының ең көп мәндері 100 млн⁻¹ кем немесе оның ең аз мәндері нөлге тең емес болса, онда рұқсат етілетін ауытқудың анықталатын компоненттің атаулы құрамынан шектері ТҚ-да және (немесе) стандарттар талаптарында, газ талдауыштың нақты типтерінің ТШ-ына сәйкес белгіленеді.

Кесте 3 – Салыстырып тексеруші газды қоспалар

№ СТГҚ	СТГҚ компонентінің құрамы, өлшеу ауқымының нүктелеріне сәйкес, %
1	5 ± 5
2	30 ± 5
3	50 ± 5
4	70 ± 5
5	95 ± 5

Ескертпе – СТГҚ ретінде, А.2 суретіне, А қосымшасына сәйкес сызба бойынша, газдарды және генератордағы газды қоспаларды, ГҚГ-03-03 типіндегі газды қоспаларды динамикалық сұйылту арқылы алынған, сол концентрациядағы аттестатталған газды қоспалар қолданылуы мүмкін.

Рұқсат етілетін негізгі қателіктер шегіндегі СТГҚ компоненті құрамы орнатылатын

ҚР СТ 2.349-2015

қателіктер қатынасы (негізгі қателіктің рұқсат етілетін жүйелі құрамдасы шегінде) 1/3 артық емес болуы тиіс.

Дәлелді жағдайларда осы қатынасты 1/2 дейін үлкейту рұқсат етіледі.

СТГҚ есігіне жіберу арқылы бірізді тексеру жүргізіледі:

а) бірқалыпты шәкілі бар газ талдауыштар үшін:

– бірізділікпен СТГҚ №1 – СТГҚ № 3 – СТГҚ №5 – СТГҚ №3 – СТГҚ №1 – СТГҚ №5

б) әркелкі шәкілдері бар газталдауыштар үшін :

– бірізділікпен СТГҚ №1 – СТГҚ №2 – СТГҚ №4 – СТГҚ №5 – СТГҚ №4 – СТГҚ №2

СТГҚ №1 – СТГҚ №5.

Көрсеткіштерді санау ТҚ-да және (немесе) стандарттар талаптарында, газ талдауыштың нақты типтерінің ТШ-ында белгіленген уақыт өткен соң, газ талдауышқа СТГҚ жіберу кезінде жүргізіледі.

Негізгі қателіктерге тексеру жүргізгеннен кейін (негізгі қателіктерді ұйғарынды жүйелі жасаушы) әр өлшеуіш каналдарына пневматикалық құралдарды қуаттау үшін ГОСТ 24484 бойынша ауа және автоматтау құралдары, класс 0,1 ГОСТ 17433 бойынша немесе ҚР СТ 2348 бойынша ТҚ-да және (немесе) стандарттар талаптарында, газ талдауыштың нақты типтерінің ТШ-ында белгіленген уақыт аралығында азот жіберілуі тиіс.

Ескертпе – Ауаны немесе азотты қолдану құрылғыға және газ талдауыштың жұмыс қағидаларына байланысты.

10.3.3.1 Шығу белгісі мен атаулы статистикалық сипаттамалары бойынша негізгі қателіктерді анықтау (негізгі қателіктің рұқсат етілетін жүйелі құрамдасы).

Ескертпе – Егер газ талдауыш құрылысында окшаулаушы тоқ түріндегі шығу белгісі қарастырылса, онда тексеруді жүргізеді.

Салыстырып тексеруді СТГҚ газ талдауыш есігіне жіберу арқылы 10.3.2.1 бойынша бірізділікпен жүргізеді.

СТГҚ газ талдауыш есігіне жіберу кезінде алынған амперметр көрсеткішін тіркейді.

10.3.4 Көрсеткіш вариациясын (шығу белгісінің) анықтау

(Шығу белгісінің) көрсеткіш вариациясын анықтау негізгі қателіктерді анықтау арқылы әр өлшеуіш каналдары үшін 10.3.2 бойынша бірқалыпты жүргізіледі:

а) газ талдауыштар үшін, біркелкі шәкілі бар – көрсеткіш бойынша СТГҚ №3
10.3.2.1 а) бірізділігімен СТГҚ есігіне жіберу;

б) газ талдауыштар үшін, біркелкі емес шәкілі бар – көрсеткіш бойынша СТГҚ №4
10.3.2.1 б) бірізділігімен СТГҚ есігіне жіберу.

10.3.5 (Шығу белгісінің) көрсеткішін орнату уақытын тексеру анықталатын компоненттің секірмелі өзгерісі кезінде өлшеуіш шамадан 90 % деңгейінде, T₉₀

Салыстырып тексеру СТГҚ №5 газ талдауыш есігіне жіберу кезінде алдымен жоғарылау жағына, содан кейін төмендеу жағына сынақтың бір циклында жүргізілуі мүмкін.

Ескертпе – Анықталатын компоненттің концентрациясының секірмелі өзгерісі кезінде өлшеуіш шамадан 90 % деңгейінде көрсеткішті орнату уақытын тексеру, T₉₀, өлшеу шектері арасындағы айырмашылық 50 % кем емес анықталатын компоненттің құрамын секірмелі өзгерісі кезінде жүргізіледі.

Алдымен газ талдауышқа азот/ауа береді және уақыт өткен соң СТГҚ №5 реакциялар береді. (Шығу белгісі) көрсеткіші СТГҚ №5 сәйкес көрсеткіштен 0,9 деңгейіне жеткен кезде, уақыт анықталады t_{90} . Реакцияның уақыты өткен соң СТГҚ №5 газ талдауыш есігіне жіберу кезінде алынған мәнді алып тастайды және азотты таратады. (Шығу белгісінің) көрсеткіші СТГҚ №5 сәйкес көрсеткіштен 0,1 деңгейіне жеткен кезде, уақыт анықталады t_{10} .

11 Өлшеу нәтижелерін өңдеу

11.1 Қазіргі стандарттың 10.3.2.1 бойынша алынған өлшеу нәтижелері бойынша әр тексеру нүктелерінде газ талдауыштың негізгі қателіктерінің мәнін есептейді.

11.1.1 Негізгі қателіктердің рұқсат етілетін шектері (негізгі қателіктің рұқсат етілетін жүйелі құрамдасы) төмендегі түрде анықталуы мүмкін:

- а) абсолюттік қателіктер;
- б) салыстырмалы қателіктер;
- в) келтірілген қателіктер.

11.1.2 Газ талдауыштың негізгі абсолюттік қателіктерін бағалау тексерудің әр нүктелерінде формула бойынша іздеген дұрыс (1):

$$\tilde{\Delta} = A_j - A_0, \quad (1)$$

мұнда A_0 – СТГҚ-да анықталатын компоненттің толық құрамы;

A_j – газ талдауыштың көрсеткіші.

11.1.3 Газ талдауыштың негізгі салыстырмалы қателігін бағалау тексерудің әр нүктелерінде формула бойынша іздеген жөн (2), %:

$$\tilde{\delta} = \frac{A_j - A_0}{A_0} \times 100, \quad (2)$$

11.1.4 Газ талдауыштың негізгі келтірілген қателігін бағалау тексерудің әр нүктелерінде формула бойынша іздеген дұрыс (3), %:

$$\tilde{\gamma} = \frac{A_j - A_0}{A_B - A_H} \times 100, \quad (3)$$

мұнда A_B, A_H – анықталатын компонентті өлшеу диапазонының жоғарғы және төменгі шектеріне сәйкес концентрация мәні.

11.1.5 Егер газ талдауыштың негізгі қателіктерін тексерудің әр нүктелерінен алынған мәндері (негізгі қателіктің рұқсат етілетін жүйелі құрамдасы) ТҚ-да және (немесе) стандарттар талаптарында, газ талдауыштың нақты типтерінің ТШ-ына сәйкес белгіленген шектерден аспаса, онда негізгі қателіктерді анықтау нәтижелері оң деп саналады.

11.2 10.3.2.2 негізінде алынған өлшеу нәтижелері бойынша газ талдауыштың негізгі қателіктерін бағалау жүргізіледі.

11.2.1 Газ талдауыштың негізгі қателіктерін бағалау (1) - (3) формулалар бойынша анықтайды, мұнда A_j – шығу белгісі мен атаулы статистикалық сипаттамалары бойынша формулаға сәйкес анықталатын негізгі компоненттің құрамы (4):

$$A_j = \frac{(I_{узм} - I_{ГН}) \times A_B}{(I_{ГВ} - I_{ГН})}, \quad (4)$$

мұнда $I_{ГВ}$, $I_{ГН}$ – шығу белгісінің мәні, ол шығу белгісінің жоғарғы және төменгі мәніне сәйкес, мА;

$I_{узм}$ – амперметр көрсеткіші, мА.

11.2.2 Егер тексерудің әр нүктелерінде алынған газ талдауыштың негізгі қателіктердің (негізгі қателіктің жүйелі жасаушының ұйғарынды шектері) мәндері ТҚ-да және (немесе) стандарттар талаптарында, газ талдауыштың нақты типтерінің ТШ-ына сәйкес белгіленген шектерден аспаса, онда негізгі қателіктерді анықтау нәтижелері оң деп саналады.

11.3 10.3.3 негізінде алынған өлшеу нәтижелері бойынша (шығу белгісінің) газ талдауыш көрсеткіштерінің вариациясы (5) – (7) формулалар бойынша газ талдауыштың негізгі қателіктерінің типіне байланысты анықталады:

$$\tilde{b}_\Delta = A_{jb} - A_{jm}, \quad (5)$$

$$\tilde{b}_\delta = \frac{A_{jb} - A_{jm}}{A_0} \times 100, \%, \quad (6)$$

$$\tilde{b}_\gamma = \frac{A_{jb} - A_{jm}}{A_B - A_H} \times 100, \%. \quad (7)$$

мұнда \tilde{b}_Δ , \tilde{b}_δ , \tilde{b}_γ – газ талдауыш көрсеткішінің вариациясы;

A_{jb} – (анықталған компоненттің құрамы, шығу белгісі мен атаулы статистикалық сипаттамалары бойынша есептелген (4) формулаға сәйкес) құрамның үлкен мәні жағынан тексеру нүктесіне ықпалы кезіндегі көрсеткіші;

A_{jm} – (анықталған компоненттің құрамы, шығу белгісі мен атаулы статистикалық сипаттамалары бойынша есептелген (4) формулаға сәйкес) құрамның төменгі мәні жағынан тексеру нүктесіне ықпалы кезіндегі көрсеткіші.

Егер вариацияның алынған мәндері ТҚ-да және (немесе) стандарттар талаптарында, газ талдауыштың нақты типтерінің ТШ-ында белгіленген мәндерден аспаса, онда газ талдауыштың (шығу белгісі) көрсеткішінің вариациясын анықтау нәтижелері оң деп саналады.

11.4 10.3.4 негізінде алынған өлшеу нәтижелері бойынша (шығу белгісінің) көрсеткішті орнату уақытын анықтайды.

11.4.1 (Шығу белгісінің) көрсеткішін орнату уақытын бір циклде анықталатын компоненттің құрамын арттыру мен төмендету кезінде көрсеткішті орнату уақытын орташа арифметикалық мәні ретінде (8) формула бойынша анықтайды:

$$T_{90} = \frac{t_{90} + t_{10}}{2}, \quad (8)$$

мұнда t_{90} – уақыт, онда көрсеткіштері СТГҚ анықталатын компонентінің концентрациясына сәйкес көрсеткішке қарағанда 0,9 деңгейіне жеткен кез;

t_{10} – уақыт, онда көрсеткіштері СТГҚ анықталатын компонентінің

концентрациясына сәйкес көрсеткішке қарағанда 0,1 деңгейіне жеткен кез.

11.4.2 Егер (шығу белгісінің) көрсеткіш орнату уақыты өлшенетін шамадан 90% деңгейінде ТҚ-да және (немесе) стандарттар талаптарында, газ талдауыштың нақты типтерінің ТШ-ында белгіленген уақыттан аспаса, онда осы пункт бойынша тексеру нәтижелері оңтайлы болып саналады.

12 Газ талдауышты тексерудің кеңейтілген белгісіздігін бағалау

Газ талдауышты салыстырып тексеруден өткізу кезінде тапсырыс беруші сұранымы бойынша [6] және [7] талаптарға сәйкес белгісіздік бағаланады.

Газ талдауышты салыстырып тексерудің кеңейтілген белгісіздігін бағалау алгоритмі Б қосымшасында келтірілген.

13 Салыстырып тексеру нәтижелерін рәсімдеу


13.1 Газ талдауышты салыстырып тексеруден өткізу кезінде салыстырып тексеру хаттамасы Г қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

13.2 Оң нәтижелер кезінде газ талдауыш жарамды болып танылады және қолдануға рұқсат етіледі. Салыстырып тексерудің оң нәтижелері [13] сәйкес салыстырып тексеру белгілері бар баспа-таңбамен куәландырылады және ҚР СТ 2.4 А қосымшасына сәйкес үлгі бойынша салыстырып тексеру туралы сертификат рәсімделеді.


13.3 Салыстырып тексерудің теріс нәтижелері кезінде газ талдауышты қолдануға рұқсат етілмейді, өткен салыстырып тексеру туралы сертификаттың күші жойылады, жарамды салыстырып тексеру белгілері бар баспа-таңба өшіріледі және ҚР СТ 2.4 Б қосымшасына сәйкес үлгі бойынша қолдануға жарамсыздық туралы хабарлама рәсімделеді.

А қосымшасы
(ақпараттық)

Салыстырып тексеру жүргізу кезіндегі газ талдауыштың есігіне ССТГҚ жіберу сызбасы



Сурет А.1 – ССТГҚ арқылы салыстырып тексеру жүргізу сызбасы



Сурет А.2 – ГҚГ-03-03 генератордың газды қоспалары арқылы салыстырып тексеру жүргізудің сызбасы

Б қосымшасы
(ақпараттық)

Газ талдауышты салыстырып тексерудің (калибрлеу) кеңейтілген белгісіздігін бағалау алгоритмі

Б.1 Өлшеудің математикалық моделі

Б.1.1 Өлшеудің математикалық моделі (негізгі абсолюттік қателік) – модель 1 – 3-кестедегі СТГҚ қолданылады:

$$\tilde{\Delta} = A_j - A_0, \quad (\text{Б.1})$$

мұнда A_0 – СТГҚ-да анықталатын компоненттің нақты құрамы;
 A_j – газ талдауыштың көрсеткіші.

Б.1.2 Өлшеудің математикалық моделі (негізгі салыстырмалы қателік) – модель 2 – 3-кестедегі СТГҚ қолданылады, %:

$$\tilde{\delta} = \frac{A_j - A_0}{A_0} \times 100, \quad (\text{Б.2})$$

Б.1.3 Өлшеудің математикалық моделі (негізгі келтірілген қателік) – модель 3 – 3-кестедегі СТГҚ қолданылады, %:

$$\tilde{\gamma} = \frac{A_j - A_0}{A_B - A_H} \times 100, \quad (\text{Б.3})$$

мұнда A_B, A_H – газ талдауыштың көрсеткішінің мәні, анықталатын компоненттің өлшеу диапазоны жоғарғы және төменгі шектерге сәйкес келеді.

Б.1.4 Өлшеудің математикалық моделі (өлшеудің абсолюттік қателігі кезінде газ талдауыштың (шығу белгісінің) көрсеткіш вариациясы) – модель 4 - 3-кестедегі СТГҚ қолданылады:

$$\tilde{b}_{\Delta} = A_{jb} - A_{jm}, \quad (\text{Б.4})$$

мұнда A_{jb} – (анықталған компоненттің құрамы, шығу белгісі мен атаулы статистикалық сипаттамалары бойынша есептелген (4) формулаға сәйкес) құрамның үлкен мәні жағынан тексеру нүктесіне ықпалы кезіндегі көрсеткіші ;

A_{jm} – (анықталған компоненттің құрамы, шығу белгісі мен атаулы статистикалық сипаттамалары бойынша есептелген (4) формулаға сәйкес) құрамның төменгі мәні жағынан тексеру нүктесіне ықпалы кезіндегі көрсеткіші.

Б.1.5 Өлшеудің математикалық моделі (өлшеудің салыстырмалы қателігі кезінде газ талдауыштың (шығу белгісінің) көрсеткіш вариациясы) – модель 5 - 3-кестедегі СТГҚ қолданылады, %:

$$\tilde{b}_{\delta} = \frac{A_{jb} - A_{jm}}{A_0} \times 100, \quad (\text{Б.5})$$

ҚР СТ 2.349-2015

Б.1.6 Өлшеудің математикалық моделі (өлшеудің келтірілген қателігі кезінде газ талдауыштың (шығу белгісінің) көрсеткіш вариациясы) – модель 6 - 3-кестедегі СТГҚ қолданылады, %:

$$\tilde{b}_\gamma = \frac{A_{jb} - A_{jm}}{A_B - A_H} \times 100, \quad (\text{Б.6})$$

Б.2 Шығу шамасының белгісіздігін бағалау

Б.2.1 ССТГҚ-да анықталатын компонент концентрациясының нақты мәнінің стандартты белгісіздігі, $u(A_0)$, В типі бойынша бағаланады және СТГҚ метрологиялық сипаттамаларына байланысты (Б.7) формула бойынша есептелінеді:

$$u(A_0) = \frac{U(A_0)}{2}, \quad (\text{Б.7})$$

мұнда $U(A_0)$ – аттестатталған мәннің кеңейтілген белгісіздігі.

Ескертпе – Егер СТГҚ тәлқұжатында қателік көрсетілсе, онда СТГҚ-да компонент концентрациясының стандартты белгісіздігі В типі бойынша бағаланады және қателік типіне байланысты (Б.8) формула бойынша есептелінеді:

$$u(A_0) = \frac{\Delta A_0}{\sqrt{3}} \quad \text{немесе} \quad u(A_0) = \frac{\delta A_0 \times A_0}{100 \times \sqrt{3}}, \quad (\text{Б.8})$$

мұнда ΔA_0 – абсолюттік бірлікте көрсетілген СТГҚ-да компонент концентрациясының қателігі;

δA_0 – салыстырмалы бірлікте көрсетілген СТГҚ-да компонент концентрациясының қателігі.

Б.2.2 Анықталатын компонент концентрациясының нақты мәнінің белгісіздігін бағалау $u(A_0)$ генератор арқылы алынатын аттестатталған газды қоспаларды алдын ала өткізеді.

Газды қоспалар генераторы арқылы алынатын, үлгінің анықталатын компонент концентрациясының нақты мәнінің белгісіздігі, $u(A_0)$, (Б.9) формула бойынша анықталады және үш құрамдас бөліктен тұрады:

- СТГҚ қолданатын стандартты белгісіздік, $u_B(A_{PGS})$;
- анықталатын компоненттің концентрациясын көрсетудің стандартты белгісіздігі, $u_B(A_{0Г})$;
- газ тазалығына байланысты газ-сұйытқыш ретінде қолданылатын стандартты белгісіздік, $u_B(A_{не})$;

$$u(A_0) = \sqrt{u_B^2(A_{0Г}) + u_B^2(A_{не}) + u_B^2(A_{PGS})}. \quad (\text{Б.9})$$

Стандартты белгісіздіктің құрамдас бөліктерін анықтау жалпы формулаға сәйкес жүргізіледі (Б.10):

$$u(A) = \frac{a_i}{\sqrt{3}}, \quad (\text{Б.10})$$

мұнда a_i – белгісіздіктің құрамдас бөліктері i үшін A шамасының ауытқу шектері мына формула бойынша анықталады (Б.11):

$$a = \frac{\delta_i \times A_0}{100}, \quad (\text{Б.11})$$

мұнда δ_i – белгісіздіктің құрамдас бөліктері i үшін салыстырмалы қателік.

ССТГҚ стандартты белгісіздігі, $u_B(A_{PGS})$, В типі бойынша бағаланады және формула бойынша есептеледі (Б.12):

$$u_B(A_{PGS}) = \frac{\delta_{PGS} \times A_0}{100 \times \sqrt{3}}, \quad (\text{Б.12})$$

мұнда δ_{PGS} – қолданылатын ССТГҚ-ның аттестатталған мәнінің салыстырмалы қателігі, (Б.13) формула бойынша анықталады, %:

$$\delta_{PGS} = \frac{\Delta_{PGS}}{A_{PGS}} \times 100, \quad (\text{Б.13})$$

мұнда Δ_{PGS} – қолданылатын ССТГҚ-ның аттестатталған мәнінің абсолюттік қателігі;

A_{PGS} – қолданылатын ССТГҚ-ның анықталатын компонент концентрациясының аттестатталған мәні.

Компоненттің концентрациясын көрсетудің стандартты белгісіздігі, $u_B(A_{0Г})$, В типі бойынша бағаланады, тексеру туралы куәлікте келтірілген, ГҚГ-03-03 газды қоспалар генераторының кеңейтілген белгісіздік мәліметтерін қолдана отырып, формула бойынша есептеледі (Б.14):

$$u_B(A_{0Г}) = \frac{u_{ГГС} \times A_0}{100}, \quad (\text{Б.14})$$

мұнда $u_{ГГС}$ – газды қоспалар генераторының стандартты белгісіздігі, ол формула бойынша анықталады (Б.15):

$$u_{ГГС} = \frac{U_{Г}}{k}, \quad (\text{Б.15})$$

мұнда $U_{Г}$ – тексеру (калибрлеу) туралы куәлікте келтірілген газды қоспалар генераторының кеңейтілген белгісіздігі.

95% сенімді ықтималдық кезінде, коэффициент $k=2$.

Ескертпе – Егер тексеру туралы куәлікте қателік көрсетілсе, онда газды қоспалар генераторының стандартты белгісіздігі В типі бойынша бағаланады және қателік типіне байланысты формула бойынша есептеледі (Б.16):

$$u_{ГГС} = \frac{\Delta_{ГГС}}{\sqrt{3}} \quad \text{или} \quad u_{ГГС} = \frac{\delta_{ГГС} \times A_0}{100 \times \sqrt{3}}, \quad (\text{Б.16})$$

мұнда $\Delta_{ГГС}$ – газды қоспалар генераторының абсолюттік қателігі;

$\delta_{ГГС}$ – газды қоспалар генераторының салыстырмалы қателігі.

Газ-сұйытқыш тазалығымен шартталған стандартты белгісіздік В типі бойынша бағаланады және формула бойынша анықталады (Б.17):

$$u_B(A_{не}) = \frac{\delta_{не} \times A_0}{100 \times \sqrt{3}}, \quad (\text{Б.17})$$

мұнда $\delta_{не}$ – газ-сұйытқыштың (нөлдік газдың) қателігі, салыстырмалы бірлікте көрсетілген, формула бойынша анықталған (Б.18), %:

$$\delta_{не} = \frac{\Delta_{не}}{A_{не}} \times 100, \quad (\text{Б.18})$$

мұнда $\Delta_{не}$ – газ-сұйытқыштың (нөлдік газдың) қателігі, абсолюттік бірлікте көрсетілген;

$A_{не}$ – газ-сұйытқыштың (нөлдік газдың) анықталған компонент концентрациясының мәні.

Б.2.3 Анықталған компонент концентрациясын өлшеудің стандартты белгісіздігі, $u_B(A_j)$, В типі бойынша бағаланады және өлшеу рәсіміне байланысты анықталады.

Б.2.3.1 Өлшеу жүргізу жағдайында, 10.3.2.1 бойынша, анықталатын компонент концентрациясын өлшеудің стандартты белгісіздігі, $u_B(A_j)$, газ талдауыш шәкілінің бөлу бағасымен/газ талдауыш көрсеткішінің дискреттілігімен шартталған және формула бойынша есептеледі (Б.19):

$$u(A_j) = \frac{A_p}{2\sqrt{3}}, \quad (\text{Б.19})$$

мұнда $\pm A_p$ – газ талдауыш шәкілінің бөлу бағасы/газ талдауыш көрсеткішінің дискреттілігі.

Б.2.3.2 Өлшеу жүргізу жағдайында, 10.3.2.2 бойынша анықталатын компонент концентрациясын өлшеудің стандартты белгісіздік жиынтығын, $u(A_j)$, қамтиды:

- амперметрді тексеру кезіндегі стандартты белгісіздік, $u_B(I)$;
- саналған құрылғылардың шектелген айыру қабілетімен/амперметр көрсеткіші дискреттілігімен шартталған стандартты белгісіздік, $u_B(I_p)$.

Амперметрді тексеру кезінде өлшеудің стандартты белгісіздігін, $u_B(I)$, формула бойынша бағалайды (Б.20):

$$u_B(I) = \frac{U(I)}{2}, \quad (\text{Б.20})$$

мұнда $U(I)$ – $k=2$ кезіндегі өлшеудің кеңейтілген белгісіздігі, амперметрді тексеру туралы куәлікте көрсетілген.

Ескертпе – Егер амперметрді тексеру туралы куәлікте ұйғарынды абсолютті қателік $\pm \Delta_I$ немесе салыстырмалы қателік $\pm \delta_I$ шегі көрсетілсе, онда стандартты белгісіздік $u_B(I)$ В типі бойынша бағаланады және формула бойынша есептеледі (Б.21):

$$u_B(I) = \frac{\Delta_I}{\sqrt{3}} \quad \text{или} \quad u_B(I) = \frac{\delta_I \times I_{\text{изм}}}{100 \times \sqrt{3}}, \quad (\text{Б.21})$$

Шәкілдің бөлу бағасымен/амперметр көрсеткішінің дискреттілігімен шартталған стандартты белгісіздікті, $u_B(I_p)$, В типі бойынша бағалайды және формула бойынша есептеледі (Б.22):

$$u_B(I_p) = \frac{I_p}{2\sqrt{3}}, \quad (\text{Б.22})$$

мұнда $\pm I_p$ – шәкілдің бөлу бағасы/амперметр көрсеткішінің дискреттілігі.

Анықталатын компонент концентрациясын өлшеудің стандартты белгісіздік жиынтығы, $u_B(A_j)$, амперметр арқылы алынған мәлімет бойынша, формула бойынша анықталады (Б.23):

$$u(A_j) = \sqrt{u_B^2(I) + C_1^2(A_j) \times u_B^2(I_p)}, \quad (\text{Б.23})$$

мұнда $C_1(A_j)$ - сезімділік коэффициенті, жеке туынды ретінде анықталады және мынаған тең:

$$C_1(A_j) = \frac{\partial A_j}{\partial I_{\text{изм}}} = \frac{A_B}{I_{ГВ} - I_{ГН}}, \quad (\text{Б.24})$$

Б.2.4 $u(A_{jm})$ және $u(A_{jb})$ стандартты белгісіздіктер, олар газ талдауыш шәкілінің бөлу бағасымен/газ талдауыш көрсеткішінің дискреттілігімен шартталған, формулаға сәйкес бағаланады (Б.25):

$$u(A_{jm}) = u(A_{jb}) = \frac{A_p}{2\sqrt{3}}, \quad (\text{Б.25})$$

10.3.2.2 бойынша алынған мәліметтерді бағалау жағдайында, $u(I_{jm})$ және $u(I_{jb})$ стандартты белгісіздіктер қарастырылады, олар шәкілдің бөлу бағасымен/амперметр көрсеткішінің дискреттілігімен $u(I_p)$ шартталған және формула бойынша есептеледі (Б.26):

$$u(I_{jm}) = u(I_{jb}) = \frac{I_p}{2\sqrt{3}}, \quad (\text{Б.26})$$

Б.2.5 Өлшеу кезіндегі кездейсоқ әсерлермен шартталған стандартты белгісіздікті, нақты зертханалық жағдайда, дара өлшеудің белгісіздігін зертханалық бағалау кезінде

жүргізеді.

Дара өлшеудің стандартты белгісіздігін, $u(A_{lab})$, газ талдауыштар үшін калибрленген газды қоспаларға жақын, концентрациясымен СТГҚ-да анықтайды және орташа квадраттық ауытқу (бұдан кейін ОКА) ретінде көрсетеді.

Дара өлшеудің белгісіздігін бағалау кезінде кем дегенде 10 концентрацияны өлшеу жүргізеді және ОКА өлшеудің нәтижелерін формула бойынша есептейді (Б.27):

$$u(A_{lab}) = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^N (A_i - A)^2}{N - 1}}, \quad (\text{Б.27})$$

